


**«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС**

**КӘСІПОРЫН СТАНДАРТЫ**

**«ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰТКҚК» ЖШС  
және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару  
САЯСАТЫ**

**ҚТКФ.027 КСТ**

Ақтау 2017

	<p align="center">«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 2-беті</p>
---	---	---

**«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС**




«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» АҚ  
Қадағалау кеңесінің шешімімен  
2017 ЖЫЛҒЫ «07» қараша  
№ 07-17/К хаттама  
БЕКІТІЛДІ

**КӘСІПОРЫН СТАНДАРТЫ**

<p align="center"><b>Менеджменттің біріктірілген жүйесі ҚТКФ.027</b></p>	<p>Қолданысқа алғашқы рет енгізілді</p>
<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</b></p>	<p>Барлығы беті:</p>

Қолданысқа енгізілген күні: 201 7 ЖЫЛҒЫ 07 қараша

Ақтау 2017

 <p>КАЗМОРТРАНСФЛОТ НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 3-беті</p>
---	--	---

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелері.....	4
2	Қолданылу аясы.....	4
3	Негізгі терминдер, анықтаулар мен қысқартулар.....	4
4	Мақсаттары мен міндеттері... ..	8
5	ТБЖ қағидаттары.....	9
6	ТБЖ жұмыс процесі... ..	10
7	ТБЖ тиімділігінің критерийлері.....	31
8	Тәуекел туралы құпиялы ақпарат талаптары .....	31
9	Қорытынды ережелері.....	32
10	Осы Саясатты қолдану және тиісті деңгейде күтіп ұстау үшін..... жауапкершілікті белгілеу .....	32

Саясаттар


Қосымша 1

Қосымша 2

Қосымша 3

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ

БӨЛІМШЕ ПЕРСОНАЛЫН ТАНЫСТЫРУ ПАРАҒЫ

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> <b>және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін</b> <b>басқару саясаты</b></p>	<p><b>1 Нұсқа</b> <b>Шығарылған күні:</b> <b>01.11.2011</b> <b>38 беттің 4-беті</b></p>
--	--	---

## 1. Жалпы ережелері

Осы Саясат «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) талаптарына және «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС (бұдан әрі – ҚТКФ) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

ҚТКФ және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін шоғырландырылған негізде басқару ҚТКФ бүкіл деңгейінде тәуекелді басқару жүйесін (бұдан әрі – ТБЖ) қолданысқа енгізу арқылы жүзеге асырылады. Тәуекелді басқару басшылыққа тәуекелді бағалау және оны нақтыланбаған жағдайда басқару мүмкіндігін береді, ал бұл Компания құнын құру мен оны сақтап қалудың ажырамас факторы болып табылады.

Осы Саясат ТБЖ терминологиясын, мақсаттарын, міндеттерін, оны ұйымдастыруды және оның жұмысының негізгі қағидаттарын, ҚТКФ және оның ЕҰ үшін ТБЖ ұйымдық құрылымын айқындайды.

Осы Саясат негізінде ҚТКФ тәуекелін басқару ҚТКФ және оның ЕҰ тәуекелін бүкіл деңгейде басқаруда ТБЖ жұмысына негіз болады.

## 2. Қолданылу аясы

Осы Саясаттың іс-әрекеті ҚТКФ қызметінің бүкіл түрлеріне қатысты қолданылады.

ҚТКФ бүкіл құрылымдық бөлімшелері және қызметкерлері Саясатпен міндетті түрде таныс болуға және оны қолдануға тиіс.


ҚТКФ ЕҰ тәуекелді басқару саласындағы Саясатты өз қызметінің өзгешеліктерін ескере отырып, бірақ осы Саясат ережелерін бұзушылыққа жол бермей жүргізеді.

## 3. Негізгі терминдер, анықтаулар және қысқартулар

Осы Саясатта мына терминдер, анықтаулар және қысқартулар пайдаланылды:

**Тәуекел иесі** – бірінші басшының тікелей бағынысында болатын, деңгейі басшының орынбасарынан төмен болмайтын, қызметтік міндеттеріне сәйкес өндірістік/өндірістік емес тәуекелді қызмет мақсаттарына және функционалдық міндеттеріне қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, басқаруға тиіс ҚТКФ қызметкері;

**Тәуекел-фактор иесі** – деңгейі функционалдық блоктың/құрылымдық бөлімшенің басшысынан төмен болмайтын, қызметтік міндеттеріне сәйкес тәуекел-факторларды іске асыруы өндірістік/өндірістік емес тәуекелдің

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтенізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p><b>1 Нұсқа</b> <b>Шығарылған күні:</b> <b>01.11.2011</b> <b>38 беттің 5-беті</b></p>
--	--	---

басталуына әкеліп соқтыруы мүмкін тәуекел-факторларды басқаратын Компанияның қызметкері;

**Мақсаттар иесі** – бекітілген өндірістік/өндірістік емес мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жауапты болатын, ҚТКФ/ЕҰ басшылық етуді жүзеге асыратын Компанияның қызметкері;

**Сыртқы тәуекел-факторлар** – Компанияның қызметінен тысқары туындайтын және Компанияның қызметіне байланысты болмайтын тәуекел факторлары;

**Ішкі тәуекел-факторлар** – ішкі процестерге, ұйымдық құрылымға, адами ресурстарға, Компанияның активтеріне байланысты болатын және Компанияның операциялық қызметі шеңберінде туындайтын тәуекелдің факторлары;

**Кепілдік** (осы Саясат мақсаттары үшін) – кепілдіктер ретінде ҚМГ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының берешегін басқару саясатының «Терминдер және анықтаулар» бөлімінде көрсетілген жоспарлы немесе есеп кезеңіндегі міндеттемелер танылады;

**ҚТКФ/Компания** – ҚТКФ және дауыс беру акцияларының (қатысу үлесі) елу немесе одан жоғары пайызы меншіктену немесе сенімді басқару құқығымен тікелей немесе жанама ҚТКФ тиісті заңды тұлғалар, сондай-ақ ҚТКФ осылардың қызметін бақылауға құқылы заңды тұлғалар;

**Еншілес ұйым (ЕҰ)** – жарғылық капиталының басым бөлігін ҚТКФ құрған не болмаса өзара жасасқан шартқа (не болмаса өзге тәртіппен) сәйкес осы ұйым қабылдайтын шешімдерді ҚТКФ айқындау мүмкіндігіне ие заңды тұлға;


**Бірыңғай тәуекел жіктеушісі (БТЖ)** – ҚМГ компаниялары тобы және оның еншілес тәуелді ұйымдары бойынша Саласы, санаты, тобы, атауы сияқты критерийлер бойынша топтастырылған тәуекелдің, тәуекел-факторлардың атауларымен бір ізге салынған жүйелі тәуекел тізбесі;

**Жалғыз қатысушы/ҚМГ** – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

**Тәуекел картасы** – ықтимал залал мен іске асыру ықтималдығының бағалау шамасына байланысты ҚТКФ және оның ЕҰ тәуекелінің кескінді көрінісі;

**Негізгі тәуекел көрсеткіші/индикатор (НТК)** – бұл қызметтің өндірістік/өндірістік емес салаларында тәуекел-фактордың сыни өзгерістерінің белгілерін Компанияға алдын ала көрсететін индикатор;

**Бақылау рәсімдері (бақылау құралдары)** – бұл Тәуекел иесі/Тәуекел-фактор иесі әзірлеген, персоналдың тікелей немесе технологиялық құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын, Тәуекел иесі/Тәуекел-фактор иесі тарапынан тәуекел/тәуекел-факторларды басқаруды және оларға ден қоюды қамтамасыз ететін іс-әрекет сипаттамасы;

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОВОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 6-беті</p>
--	--	---

**Тәуекелді басқару жүйесі (ТБЖ)** – ҚТКФ және оның ЕҰ бүкіл деңгейінде тәуекелді басқару процесін ұйымдастыруды және оның тиімді жұмысын қамтамасыз ететін қағидаттар, әдістер мен рәсімдер жиынтығы;

**НҚК** – Компания қызметінің тиімділігін ашып көрсететін және өз алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізу деңгейін өлшеу мүмкіндігін беретін көрсеткіштер;

**Сыни тәуекел/тәуекел-фактор** – басталу ықтималдығы жоғары және тәуекел картасындағы қызыл салада көрініс табатын ықтимал залал мөлшерінің жоғары сипатындағы тәуекел/тәуекел-фактор;

**Тәуекелді басқару шеңберінде кросс-функционалдық іс-қимыл** – Құрылымдық бөлімшелердегі ақпарат негізінде бірлесе қабылданатын алқалы шешімдерге негізделген функционал аралық (процесс аралық) тәуекел-факторларды (бірнеше процеске әсерін тигізетін тәуекел-фактор) басқару процесі;

**Өндірістік емес тәуекел** – өндірістік емес процестерде (қолдайтын) туындайтын тәуекел;

**Іркіліссіз қызметті қамтамасыз ету** – Компанияның оқыс уақиға немесе қызметінің бұзылған жағдайында белгіленген қолайлы деңгейде іркіліссіз қызметті қамтамасыз етуге бағытталған өз қызметін жоспарлаудың стратегиялық және тактикалық қабілеті;

**Өндірістік/өндірістік емес тәуекел саласы** – шоғырландыру арқылы өндірістік/өндірістік емес тәуекелдің қалдық мәнін бағалау;

**Тәуекел/тәуекел-фактор қалдығы** – тәуекелдің/тәуекел-фактордың іске асырылуынан сақтандыратын жоспарлы іс-шараларды қолданысқа енгізгеннен қалған тәуекелдің/тәуекел-фактордың қалдық деңгейі;

**Жауапты бөлімше/жауапты тұлға** – функционалдық міндеттерінің бірі тәуекелді басқарудың бүкіл деңгейінде тәуекелді басқару процесінің жұмысын ұйымдастыру және оны бақылау болып табылатын ҚТКФ құрылымдық бөлімшесі/тәуекелді басқару маманы - тәуекелді басқару процесінің иесі;

**Іркіліссіз қызметті қамтамасыз ету жоспары** – оқыс уақиға туындаған жағдайда осыларды қолдану мақсатында әзірленген, жинақталған және өзектендірілген және Компанияның сыни маңызды қызмет түрлерін өзі үшін белгіленген оңтайлы деңгейде орындауды жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған құжатталған рәсімдер жинағы;

**НҚК табалдырық мәні** – қызмет нәтижесінен ең аз күтілетін сипатқа ие, қызметтік міндеттерін адал атқару жағдайында сайып келгенде, есеп жылындағы жоспарлы мән және жоспарлы жылдан кейінгі жылдың нақты мәні сияқты үздік мәндерге сәйкес келетін НҚК;



«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС  
және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін  
басқару саясаты

1 Нұсқа  
Шығарылған күні:  
01.11.2011  
38 беттің 7-беті

**Өзіне лайық тәуекел/тәуекел-фактор** – бұл тәуекелдің/тәуекел-фактордың іске асырылуынан сақтандыратын жоспарлы іс-шаралардың есепке алынбаған тәуекел/тәуекел-фактор деңгейі;

**Өндірістік тәуекел** – өндіріс процесінде туындайтын тәуекел;

**Операциялық қызмет процестері** (осы Саясат мақсаттары үшін) – операциялық қызмет процестерін мына ҚТКФ бизнес-процестері құрайды: барлау, өндіру, тасымлдау, қайта өңдеу, маркетинг пен сатып өткізу, сервистік жобаларды басқару;

**ӨҚБ** – тікелей өндіріс процесін жүзеге асыратын және орталық аппараттың тұрғылықты жерінен тысқары орналасқан ҚТКФ өндірістік құрылымдық бөлімшесі, ол заңды тұлға болып табылмайды және дербес теңгерімге ие болмайды;

**Тәуекел тіркелісі** – ҚМГ компаниялар тобы/ҚТКФ/ЕҰ үшін сәйкестендіруді, бағалауды, қайта бағалауды, өндірістік/өндірістік емес тәуекел мониторингін бүкіл тәуекелді басқару деңгейінде жүзеге асыратын, бір ізге салынған жазбалар нысандары;

**Тәуекел** – іске асырылған жағдайда болашақта Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуде теріс әсерін тигізуі мүмкін қолайсыз оқиғаның орны алу ықтималдығы;

**Тәуекел-талғам** - стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізу үшін ҚТКФ бел буған тәуекел деңгейі;


**Тәуекел-үйлестіруші** – Тәуекел/тәуекел-фактор иесі белгілейтін, оның міндеттерінің бірі өз құрылымдық бөлімшесінде тәуекелді/тәуекел-факторларды басқару бойынша жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру және Жауапты бөлімшемен өзара іс-қимыл жасау болып табылатын Құрылымдық бөлімшенің жауапты қызметкері;

**Тәуекел-фактор** – өндірістік/өндірістік емес тәуекелді іске асыруға әкеліп соқтыратын себеп;

**Құрылымдық бөлімше** – Компанияның ұйымдық құрылымында Жауапты бөлімше/жауапты тұлға болып табылмайтын Құрылымдық бөлімше (Тәуекел/тәуекел-фактор иесі);

**Іркіліссіз қызметті басқару** – Компанияның мүдделі тұлғалардың мүдделерін, іскерлік беделін, Компанияның құндылығын көтеретін бренд пен қызметін қорғауды қамтамасыз ететін тиімді әрі жауапты шараларды іске асыру арқылы оқыс уақиалардың тұрақтылығын арттыруға негіздеме болатын ықтимал қатерлерді сәйкестендіруді және олардың Компанияның қызметіне әсер етуін бағалауды көздестіретін басқару процесі;

**Тәуекелді басқару** – Компанияның қызметіне әсерін тигізуі мүмкін ықтимал оқиғаларды анықтау, олардың әсер деңгейін Компания үшін оңтайлы

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОВОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңіzkөлiкфлоты» ҰТҚҚ» ЖШС</b> <b>және оның еншiлес ұйымдарының тәуекелiн</b> <b>басқару саясаты</b></p>	<p><b>1 Нұсқа</b> <b>Шығарылған күні:</b> <b>01.11.2011</b> <b>38 беттің 8-беті</b></p>
--	---	---

(белгіленген) шекте күтіп ұстау мақсатында ҚТКФ Қадағалау кеңесі, Басқармасы, басшылығы, қызметкерлері жүзеге асыратын және стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізу бөлігінде парасатты сенімділікті қамтамасыз ету үшін стратегиялық және оралымды басқаруда қолданылатын іркіліссіз процесс;

**Тәуекелге төзімділік деңгейі** – өндірістік/өндірістік емес салада бағаланған қалдық мәндердің сандық әсері шамасына түзетулер енгізілген НҚК табалдырық мәні.

#### **4. Мақсаттары мен міндеттері**


4.1 ТБЖ мықсаттары ретінде мыналар болып табылады:

- 1) Компанияның құны, табыстылығы және тәуекел арасында оңтайлы теңгерімге қол жеткізу;
- 2) өндірістік/өндірістік емес тәуекелді басқару үшін Компания қолданатын негізгі құралдарды, рәсімдерді айқындау;
- 3) Мақсаттар иелерінің, Тәуекел иелерінің және Тәуекел-факторлар иелерінің өндірістік/өндірістік емес тәуекелді басқару саласында жауапкершілік аймағын айқындау;
- 4) тәуекелді басқару процесін қамтамасыз ететін ішкі құжаттарды айқындау;

#### **4.2. ТБЖ міндеттері ретінде:**

- 1) Даму стратегиясына сәйкес тәуекел деңгейі – Компанияның талғамын айқындау;
- 2) туындайтын тәуекел/тәуекел-факторларға ден қою бойынша шешімдерді қабылдау процесін жетілдіру;
- 3) капиталды оңтайлы пайдалану;
- 4) стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге қауіп төндіретін тәуекел оқиғаларының туындауынан сақтандыру;
- 5) ҚТКФ негізгі бизнес-процестерін біріктіру және әрбір қызметкерді тәуекелді басқару процесіне тарту;
- 6) тәуекелді басқарудың тік процесін және тәуекелді басқару жүйесінің жұмысын оның жоғарғы деңгейінен (ҚТКФ) желілік деңгейіне дейінгі бүкіл басқару деңгейінде құру. Бұл тәуекелді басқару процесіне жақындаудың маңызды қағидатын ашып көрсетеді – **тәуекелді аса үздік жағдайда басқару**



 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОВОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> <b>және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін</b> <b>басқару саясаты</b></p>	<p><b>1 Нұсқа</b> <b>Шығарылған күні:</b> <b>01.11.2011</b> <b>38 беттің 9-беті</b></p>
--	--	---

**өз орындарында жүзеге асырылады және жауапкершіліктен жалтарудан аулақ болу мүмкіндігін береді;**

7) Мақсаттар иелерінің, Тәуекел иелерінің, Тәуекел-факторлар иелерінің тәуекелді сәйкестендіруді және оны бағалауды өз бетімен жүргізуі, тәуекелді басқарудың стандартты әдістерін қолдануы және осыларды негізге ала отырып, тәуекелді басқару жөніндегі іс-шараларды (бақылау рәсімдерін) әзірлеу үшін қажетті тәуекелмен жұмыс жасау жүйесін құруы;

8) Компанияның тәуекелді тиімді басқаруы туралы мүдделі тараптарға парасатты кепілдік беруі.

## **5. ТБЖ қағидаттары**

Компанияның тәуекелді басқару саласындағы Саясаты мына қағидаттарға негізделеді:

1) **әдіснамалық базаның тұтастығы:** ТБЖ процестері ҚТКФ және оның бүкіл құрылымдық бөлімшелеріндегі бірыңғай әдіснамалық әдістердің негізінде жүзеге асырылады;

2) **іркіліссіздік** – ТБЖ тұрақты негізде жұмыс істейді;


3) **кешенділік** – ТБЖ Компанияның бүкіл бағыттарын және тәуекел шеңберінде туындайтын бүкіл қызмет түрлерін қамтиды. Бақылау рәсімдері ҚТКФ/ЕҰ бүкіл бизнес-процестеріндегі басқарудың бүкіл деңгейлерінде қалыптасады;

4) **есептілік** – ТБЖ ұйымдық құрылымы ҚТКФ/ЕҰ бүкіл деңгейіндегі тәуекелді басқару саласында шешімдерді қабылдау және оны бақылау бойынша құзырлықты айқындайды;

5) **хабардар болу және уақтылы хабардау:** тәуекелді басқару процесі объективті, дәйекті және өзекті ақпаратқа ие болумен сипатталады;

6) **оңтайлылық** – ҚТКФ және оның ЕҰ тәуекелді басқару жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға арналған ресурстарды тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралардың экономикалық тиімділігін қамтамасыз ете отырып, оңтайлы пайдаланады;

7) **парасатты сенімділік** – ТБЖ Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізу үшін тек қана парасатты кепілдіктерді беруі, бірақ сыртқы және ішкі ортаға тән шектеулердің болуына қарай абсолютті кепілдік

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОВОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> <b>және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін</b> <b>басқару саясаты</b></p>	<p><b>1 Нұсқа</b> <b>Шығарылған күні:</b> <b>01.11.2011</b> <b>38 беттің 10-беті</b></p>
--	--	--

бере алмауы мүмкін (мәселен, адами фактор, бақылау рәсімдерін қолданысқа енгізу тиімділігінің қағидатын қолдану және т.б.);

8) **бейімділік** – бүкіл ықтимал тәуекелді сәйкестендіру және тәуекелді басқару мен бақылау әдістерін барынша тиімді қолдану үшін ТБЖ ұдайы жетілдіріліп отырады;

9) **басшылықтың белсенді қатысуы** – Компанияның басшылығы ҚТКФ/ЕҰ бойынша тәуекелді басқару жүйесін қолданысқа енгізуге белсенді қатысады және оны жетілдіруде қолдау көрсетеді.

## **6. ТБЖ жұмыс процесі**

**6.1. Тәуекелді басқару процесі мен Компания бизнес-процестерінің өзара байланысы**

*Тәуекелді басқару процесінің стратегиялық жоспарлау процесімен өзара байланысы мыналардан құралады (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):*


1) Компанияның Даму стратегиясын әзірлеу процесі, атап айтқанда Компания Даму стратегиясының баламалы нұсқаларын бағалау кезеңі және Компанияны дамытудың оңтайлы бағытын таңдау өз алдына белгіленген стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге әсерін тигізетін тәуекелді сәйкестендіру мен талдауды көздестіруге тиіс;

2) Компанияның басшылығы Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында жоспарланған стратегиялық бастамашылықтарды іске асырумен байланысты ықтимал тәуекелдің жағымсыз тиімділігін мейлінше азайтуға бағытталған кешенді шараларды көздестіруге тиіс;

3) Компанияның Даму стратегиясын әзірлеу және оған мониторингі жүргізу қағидасында стратегиялық жоспарлау және тәуекелді басқару жүйелерінің өзара байланыс тәртібі ашып көрсетілуге тиіс.

*Тәуекелді басқару процесінің корпоративтік басқару процесімен өзара байланысы мыналардан құралады (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):*

1) Компания корпоративтік басқару жүйесінің негізгі элементі ретінде ТБЖ дамуының маңыздылығын ұғынады;

	<p align="center">«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 11-беті</p>
---	---	--

2) Компанияның корпоративтік басқаруы Компанияда бағаланған тәуекелді есепке ала отырып, Компанияның НҚК табалдырық деңгейін белгілеуге негізделеді;

3) Компания табалдырық деңгейін белгілеу кезінде мыналарға ұмтылуға тиіс:

- басқаруға келмейтін және осыларға Компания ие бола алмайтын тек қана сыртқы тәуекел-факторлардан құралған Өндірістік/өндірістік емес тәуекел саласының қалдық мәндері негізінде НҚК табалдырық мәндерін есептеп шығаруға;

- Өндірістік/өндірістік емес тәуекелді ішкі тәуекел-факторлар бойынша басқаруға.

Ішкі тәуекел-факторлары бойынша жеке көлемдерде және ақшалай мәнде уыстан шығарып алу мейлінше аз болуға және Компанияның НҚК табалдырық мәнін есептеп шығарған кезде Өндірістік/өндірістік емес тәуекел саласында бағалауға енгізілмеуге.

*Тәуекелді басқару процесінің операциялық қызмет процесімен өзара байланысы мыналардан құралады (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):*

1) Мақсаттар иелері, Тәуекел иелері және тәуекел-факторлар иелері:


- НҚК қол жеткізуге әсерін тигізетін өндірістік/өндірістік емес тәуекелді және оларға тән тәуекел-факторларды сәйкестендіруге және бағалауға;

- Өндірістік/өндірістік емес тәуекелді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарына ұсынылған іс-шараларды іске асыру үшін қажетті уақытша және әкімшілік ресурстарды объективті бағалауға және тоқсан сайынғы тәуекел жөніндегі есептілікте тәуекелдің/тәуекел-факторлардың ағымдағы жай-күйін ашып көрсетуге;

2) тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар (сондай-ақ, қажеттігіне қарай олардың жеке кезеңдері) Компания құрылымдық бөлімшелері қызметінің тиісінше жылдық жоспарларына енгізілуге тиіс;

3) Компанияның құрылымдық бөлімшелері тоқсан сайынғы тәуекел жөніндегі есептілік пен іске асырылған тәуекел оқиғалары бойынша ақпаратты ҚТКФ/ЕҰ тәуекелін басқару жөніндегі ішкі құжаттарға сәйкес беріп отырады;

4) Компанияның атқарушы органы мен басқару органының қарауына шығарылатын мәселелердің бастамашылары өз материалдарына (түсіндірме

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 12-беті</p>
--	--	--

жазбаларына) шешімдерді қабылдаумен және қабылдаумен байланысты тәуекелді сипаттап көрсететін тармақтарды қосады.

*Тәуекелді басқару процесінің инвестициялық жоспарлау процесімен өзара байланысы мыналардан құралады (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):*

Инвестициялық жобалардың бастамашылары (Тәуекел иесі және Тәуекел-факторлар иесі тұлғасында жоба жетекшілері) инвестициялық жобаларды пысықтау және әзірлеу процесінде:

- Инвестициялық жобаны іске асыруға және ҚТКФ/ЕҰ инвестициялық қызметі саласындағы ішкі құжаттарға сәйкес инвестициялық жобаның мақсаттарына қол жеткізуде әсерін тигізетін тәуекелді/тәуекел-факторларды сәйкестендіруді, бағалауды және талдауды көздестіруге;

- Жобаны іске асырумен байланысты негізгі тәуекелдің ықтимал қолайсыз тиімділігін мейлінше азайтуға бағытталған іс-шаралар жоспарын, бақылау рәсімдерін әзірлеуге тиіс.


*Тәуекелді басқару процесінің өтімділік пен ақша ағындарын басқару процесімен өзара байланысы мыналардан құралады (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):*

1) Бизнес-процесс иесі қазынашылық операцияларды жүргізген кезде Қордың қазынашылық операциялары жөніндегі Корпоративтік стандартқа сәйкес қауіпсіздік (капиталдың сақталуы), өтімділік (неғұрлым қысқа мерзім ішінде активтерді ақшалай қаражатқа қайта құрылымдау) және табыстылық (қауіпсіздік пен өтімділік жағдайында алынуы мүмкін аса жоғары кірістер) қағидаттарын сақтау мақсатында тәуекел-факторлардың бағалауы мен талдауын жүзеге асыруға тиіс;

2) Ақша ағындарын басқару мыналарды есепке ала отырып, жүргізіледі:

- Банк-контрагенттерге теңгерімдік және теңгерімнен тыс міндеттемелер бойынша белгіленген лимиттерді, ел бойынша лимиттерді сақтау;

- Қордың берешекті басқару Саясатымен және қаржы тұрақтылығымен реттелетін берешек жүктемесінің және қаржы тұрақтылығының деңгейіне лимит белгілеу;

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center">«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 13-беті</p>
--	---	--

- неғұрлым табысты және қауіпсіз уақытша-еркін ақша жұмсалымының қаржы құралдарын таңдау кезінде тәуекел мен табыстылықтың оңтайлы үйлесімділігіне қол жеткізу;

- өтімділікке әсерін тигізетін тәуекел-факторларды мейлінше азайту мақсатында ақша ағындарын болжамдау және ақша айқындамасын құрамы бойынша оңтайлы бөлу.

*Тәуекелді басқару процесінің кредиттерді (займдарды) беру, қаржы көмегін көрсету, Кепілдікті шығару процесімен өзара байланысы мыналардан құралады (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):*

1) Бизнес-процесс иесі кредит (займ) берген және қаржы көмегін көрсеткен кезде Қор тобының Ішкі кредиттік саясатына және ҚМГ бойынша кредиттерді (займдарды) беру қағидасына сәйкес тәуекел-факторлар әсерінің талдауын жүргізуге тиіс;


*Тәуекелді басқару процесінің бизнес-жоспарлау процесімен өзара байланысы мыналардан құралады:*

1) өндірістік/өндірістік емес тәуекелді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарын, Компанияның тәуекел картасын қосқанда Компанияның өндірістік/өндірістік емес тәуекелі тіркелімінің жиынтығын әзірлеу процесі ҚТКФ/ЕҰ бизнес-жоспарларын және төменде көрсетілген мақсаттарда ҚТКФ Даму жоспарын қалыптастыру мерзімінде бір уақытта жүргізіледі:

- өндірістік/өндірістік емес НҚК табалдырық мәндерін өндірістік/өндірістік емес тәуекелдің оларға қол жеткізуге тигізетін әсерін есепке ала отырып, белгілеу;

- Тәуекел иелерінің, Тәуекел-факторлар иелерінің өндірістік/өндірістік емес тәуекелді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарын іске асырумен байланысты шығыстарға арналған өтінімдерді уақытынан бұрын беруін қамтамасыз ету;

2) Өндірістік/өндірістік емес тәуекел саласының жай-күйіне, өндірістік/өндірістік емес тәуекелді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторингі жүргізу процесі ҚТКФ/ЕҰ бизнес-жоспарларына және ҚТКФ Даму жоспарына түзетулерді енгізу және оған мониторингі жүргізу мерзімінде бір уақытта мына мақсаттарда жүргізілуге тиіс:

	<p align="center">«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 14-беті</p>
---	---	--

- өндірістік/өндірістік емес НҚК табалдырық мәндеріне түзетулерді (қажеттігіне қарай) өндірістік/өндірістік емес тәуекелдің оларға қол жеткізуге тигізетін әсерін есепке ала отырып, енгізу;

- Тәуекел иелерінің, Тәуекел-факторлар иелерінің қосымша шығыстарға олардың жоспарлы жеткіліксіз жағдайында тәуекелді басқаруға бағытталған өтінімдерді беруін қамтамасыз ету.

*Тәуекелді басқару процесінің адами ресурстарды басқару процесімен өзара байланысы мыналардан құралады (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):*

1) ТБЖ қатысушыларының ТБЖ көзделген бүкіл рәсімдерді орындау бойынша міндеттері есеп беру кезеңінде тиісінше міндеттердің міндетті түрде орындалуына мониторингі жүргізу талабымен ресми белгіленуге тиіс;

2) сондай-ақ, Компанияның басшылары мен қызметкерлерінің белгіленген мерзімге және мақсатты көрсеткіштерге сәйкес ТБЖ шеңберінде тиісті тәртіппен әрекет етуін уәждемелейтін көтермелеу тетіктері көздестірілуге тиіс;

*Тәуекелді басқару процесінің іркіліссіз қызметті қамтамасыз ету процесімен өзара байланысы мыналардан құралады (бірақ төменде көрсетілгендермен шектелмеуі мүмкін):*

1) ТБЖ іркіліссіз қызметін және жұмысын қамтамасыз ету процесі қолданысқа енгізілуге және ресми белгіленуге тиіс;


2) Тәуекел/тәуекел-факторлар иелері Компанияның іркіліссіз қызметіне әсерін тигізетін ықтимал қатерлерді сәйкестендіруге және олардың әсерін бағалауға тиіс;

3) Тәуекел/тәуекел-факторлар иелері Компанияның іркіліссіз қызметін қамтамасыз етудің талаптарын, оның сенімді және тиімді жоспарларын әзірлеуге және оларды қолданысқа енгізуге тиіс;

4) Іркіліссіз қызметті қамтамасыз ету жоспарлары:

- бизнес қызметінің үзіліс жағдайында ІТ авариялық қалпына келтіруді қосқанда бизнес қызметін қалпына келтіру және оның іркіліссіз болуын басқаруға;

- төтенше және дағдарыс жағдайларға ден қоюды, сондай-ақ бизнес-процестерді қалпына келтіруді қамтуға;

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОВОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 15-беті</p>
--	--	--

- қызметті қалпына келтіру стратегиясын іске асыру үшін бүкіл жауапты қызметкерлерді айқындауға;
- персонал үшін оқу іс-шараларын жүргізу арқылы мерзімді тестіден өтіп отыруға;
- Компанияның қызметінде болған өзгерістерді және бастапқы жоспарларға тест жүргізу кезінде анықталған кемшіліктер мен сәйкес келмеушіліктерді ескере отырып, жүйелі пысықталудан өтіп отыруға тиіс.

**ҚТКФ және оның ЕҰ бойынша Компанияның бизнес-процестерін құрудың тәуекел-бағдарланған үлгісі жұмыс жасауға тиіс.**


**6.2. ТБЖ жұмысы процесі** Компанияны басқарудың біріктірілген бизнес-процестерінің өзара байланысты болатын мынадай ТБЖ жеті процесі арқылы іске асырылады:

- 1) мақсаттарды белгілеу;
- 2) тәуекел/тәуекел-факторларды сәйкестендіру;
- 3) тәуекел/тәуекел-факторларды бағалау және талдау;
- 4) тәуекелді басқару;
- 5) мониторингі және есептілік;
- 6) ақпарат және коммуникациялар;
- 7) ішкі орта.

### **6.2.1. Мақсаттарды белгілеу**

Мақсаттарды белгілеу Компанияның маңызды процесі болып табылады, оның шеңберінде стратегиялық, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлауды каскадтау және байланыстыру орын табады.

ТБЖ Мақсаттарды белгілеу процесі арқылы стратегиялық жоспарлау, бюджеттеу, уәждемелеу процестеріне біріктіріледі. Компанияны басқарудың бүкіл деңгейінде мақсаттарды белгілеу стратегиялық, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлаудың белгіленген мақсаттарын іске асыру үшін мақсаттар тармағының құрылуына әкеліп соқтырады. Компания бүкіл басқару деңгейіндегі менеджмент үшін мақсаттарды белгілей отырып, бекітілген тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуге ұмтылады.

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОВОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center">«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 16-беті</p>
--	---	--

ТБЖ мақсаттары үшін бүкіл ҚТКФ және оның ЕҰ деңгейіндегі мақсаттарды белгілеу мына мәндерге ие болады:

- біріншіден, мақсаттарды жоғарыдан төменге дейін каскадтау мақсаттарды дербес сәйкестендіруге әкеліп соқтырады, яғни әрбір мақсат үшін өз алдына белгіленген мақсаттарды іске асыру үшін жауапты болатын нақты лауазымды тұлға пайда болады. Мақсаттар тармағын құру ҚТКФ және оның ЕҰ жүзеге асыратын бүкіл бизнес-процестер бойынша жоғарыдан төменге дейін мақсаттардың функционалдық тізбегін құруға, **Компанияның бизнес-бағыттары бойынша Мақсаттар иелерін және функционалдық тік тәуекелді басқару бойынша оның ЕҚ белгілеуге** әкеліп соқтырады.
- екіншіден, нақты белгіленген лауазымды тұлға өз қызметтік міндеттеріне және іс-тәжірибесіне қарай өзі белгілеген міндеттерді орындауға қандай тәуекелдің әсер етуі мүмкін болатындығын ұғынады. Тәуекел иелері және Тәуекел-факторлар иелері тәуекелді басқарудың бүкіл деңгейінде іске асырылуы белгіленген міндеттерге қол жеткізуге теріс әсерін тигізуі мүмкін Компанияның тәуекел тармағын айқындайды, тәуекелдің/тәуекел-факторлардың белгіленген міндеттерді өз алдына орындауға тигізетін әсерін бағалайды.

ТБЖ ҚТКФ мақсаттар тармағын ҚТКФ тәуекел тармағымен байланыстырады.


Мақсаттар тармағын құру, Мақсаттар иелерін осы үшін жауапты болып белгілеу, Компанияның тәуекел тармағын мақсаттар тармағы негізінде айқындау Мақсаттар иелерінің НҚК тармағын құру процесіне тікелей әсерін тигізетіні сөзсіз.

ТБЖ қолданысқа енгізу және оның жұмысы Компанияда каскадтау процесін және мақсаттар үшін нақты Мақсаттар иелерін белгілеуді регламенттейтін, мақсаттарды белгілеу процесінде бүкіл Компания Құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау процесін, жоспарлаудың тік процестерімен қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарды байланыстыруды және Компания қызметінің тиімділік көрсеткіштерін белгілеуді сипаттап көрсететін ішкі құжаттың болуын көздестіреді.

### **6.2.2. Тәуекелді/тәуекел-факторларды сәйкестендіру**

Қалыптасқан тәуекелді/тәуекел-факторларды сәйкестендіру – бұл осылардың басталуы жоспарланған мақсаттарға қол жеткізуге және өз алдына белгіленген мақсаттарды іске асыруға жағымсыз әсерін тигізуі мүмкін ҚТКФ және оның ЕҰ



	<p align="center">«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 17-беті</p>
---	---	--

бүкіл қызмет түрлерінің, бизнес-процестерінің тәуекел ықпалына түсуін айқындайды.

Тәуекел иелері және Тәуекел-факторлар иелері тәуекелді және оларға сәйкес келетін тәуекел-факторларды сәйкестендіруді бүкіл басқару деңгейінде жүргізеді.

Тәуекел иелері мен Тәуекел-факторлар иелерін бүкіл ҚТКФ бизнес-процестері бойынша айқындау және белгілеу тетігі тәуекелді басқару саласындағы ішкі құжаттарда сипатталып көрсетілді.

Тәуекелді және оларға сәйкес тәуекел-факторларды сәйкестендіру үшін әртүрлі әдістемелер мен құралдар комбинациясы пайдаланылды. Сәйкестендіру тәртібі, сондай-ақ тәуекелді және оларға сәйкес тәуекел-факторларды сәйкестендіру әдістері мен құралдары ҚТКФ/ЕҰ тәуекелді басқару жөніндегі ішкі құжаттарда сипатталып көрсетілді.

### **6.2.3. Тәуекелді/тәуекел-факторларды бағалау және талдау**


Сәйкестендірілген тәуекел-факторларды бағалау және осыларға сәйкестендірілген тәуекел-факторларға тән өндірістік/өндірістік емес тәуекелді кейінгі уақытта бағалау оның Компанияның өндірістік/өндірістік емес НҚК қол жеткізуге әсерін тигізу деңгейін айқындау мақсатында жүргізіледі.

Өндірістік/өндірістік емес тәуекел және оларға сәйкес тәуекел-факторларға олардың туындау (іске асырылу ықтималдығы) ықтималдығы және әсер ету деңгейі (әлеуетті залал) бойынша талдау жүргізіледі.

Тәуекел өлшемдерін бағалау сандық немесе сапалық сипатқа ие болуы мүмкін. Компания тәуекелді/тәуекел-факторларды бағалаудың сандық әдістерін әзірлеуге және оларды артықшылықпен қолдануға ұмтылады, тәуекелді бағалаудың заманауи әдістерін ұдайы топтастырып, жетілдіретін болады.

Тәуекел өлшемдерін бағалау мүмкіншілігі ҚТКФ және оның ЕҰ тиісінше мақсатқа (міндетке) қол жеткізу мүмкіншілігіне сәйкес келеді.

Тәуекел/тәуекел-факторлар өлшемдерін сандық және сапалық бағалаудың әдістері мен құралдары, тәуекелдің/тәуекел-факторлардың талдамасы ҚТКФ/ЕҰ тәуекелді басқару жөніндегі ішкі құжаттарында ашып көрсетілді.

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОВОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center">«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 18-беті</p>
--	---	--

#### 6.2.4. Тәуекелді басқару

Өндірістік/өндірістік емес тәуекелді басқару қалыптасқан және оларға сәйкес тәуекел-факторлардың басталуының салдарын және/немесе ықтималдығын азайту немесе ҚТКФ/ЕҰ қызметінің тәуекелімен байланысты шығындар болған кезде қаржылай өтемге ие болу мүмкіндігін беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесін білдіреді.

Компания тәуекелді басқару процесінің тиімділігін қамтамасыз ету және оны іске асырудың шығындарын төмендету үшін қаржылық жай-күйіне және өз алдына белгіленген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге неғұрлым елеулі әсерін тигізетін сыни тәуекелге/тәуекел-факторларға назар аударуға тиіс.


Тәуекелді басқаруды тәуекелді басқарудың стандартты әдістерін практика жүзінде орындауды, бақылау рәсімдерін орындау мерзімін қамтамасыз ететін тетіктерді сипаттап көрсетуді қосқанда, Тәуекел иесі/тәуекел-фактор иесі тарапынан бақылау құралдарын әзірлеуді құрайды.

**Тәуекел иелері және Тәуекел-факторлар иелері жеке тәуекел түрлерін басқару бойынша бақылау рәсімдерін қолданысқа енгізуге байланысты саясаттар мен рәсімдерді жеке тәуекел түрлерін басқару жөніндегі ішкі құжаттарда айқындайды.**

Өндірістік/өндірістік емес тәуекелге ден қою әдістерін таңдау, қалдық тәуекелдің оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында өндірістік/өндірістік емес тәуекелді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарын тәуекелді басқару жөніндегі ішкі құжаттарда сипатталған стандартты әдістер құрайды.

Тәуекел иелері мен Тәуекел-факторлар иелерінің ҚТКФ регламенттейтін құжаттарды әзірлеуі бірдей тәуекел/тәуекел-факторлар бойынша деңгейді төмендету үшін бірыңғай бақылау құралдарын қолдану арқылы қолжетімді болады.

Іске асырылуы Компанияның қызметін және оның жұмысын тоқтатуы мүмкін тәуекел/тәуекел-факторлар үшін Компанияның іркіліссіз операциялық қызметін қалпына келтіру үшін қызметкерлер іс-әрекетінің реттілігін көздестіретін іркіліссіз қызметті қамтамасыз ету Жоспары әзірленіп, бекітіледі. Компанияның іркіліссіз қызметінің факторлары ретінде мыналар болып табылады: табиғи апат, өндірісте болған авариялардың ықтимал залалы, тұтынушылардың үміттері, акционерлердің шешімдерді қабылдауы, халықаралық стандарттардың талаптары, сотта істерді қарау, ақпараттық

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОВОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> <b>және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін</b> <b>басқару саясаты</b></p>	<p><b>1 Нұсқа</b> <b>Шығарылған күні:</b> <b>01.11.2011</b> <b>38 беттің 19-беті</b></p>
--	--	--

жүйелердің қауіпсіздігі, жеткізілімдердің «нәзік» тізбегі, реттеуші органдар және заңнама және т.б.

Өндірістік/өндірістік емес тәуекел бүкіл Компания тұрғыдан пысықталуға тиіс. Жеке бөлімшелердің/еншілес ұйымдардың тәуекелі рауалы тәуекел деңгейінен жоғары болуы, бірақ оның өтемақысы қалыпты тәртіппен (ҚТКФ/ЕҰ ішкі тәуекел арақатынасы) бүкіл Компания шеңберінде жүргізілуі мүмкін. Тәуекелді басқару бойынша шаралар тәуекелдің бүкіл Компания бойынша жиынтық деңгейінің рауалы деңгейінен жоғары болмайтындай алынуға тиіс. Компанияның тәуекел қоржыны өндірістік/өндірістік емес тәуекелді ҚТКФ және оның ЕҰ деңгейінде шоғырландыру арқылы қалыптастырылады.

Тәуекел иелері/Тәуекел-факторлар иелері тәуекелді басқару бойынша стандартты әдістерге және іс-шараларға қатысты жеке ұсыныстарын береді және олар өндірістік/өндірістік емес тәуекелді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарына енгізіледі.

Компанияның басқару органдары тәуекелді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарын және Компанияның іркіліссіз қызметін қамтамасыз ету жоспарларын шоғырландырылған ҚТКФ Даму жоспарын бекіту мерзіміне сәйкес мерзімде бекітеді. Компанияның басқару органдары тарапынан Іс-шаралар жоспарына мониторингі жүргізу тоқсан сайынғы тәуекел жөніндегі есептілік шеңберінде жүзеге асырылады.


### **6.2.5. Мониторингі және есептілік**

Тәуекелді басқару мониторингі – тәуекел өлшемдерінің және тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар мен бақылау рәсімдерін іске асыру тиімділігінің өзгеру қарқындылығын бақылау.

ҚТКФ Жауапты бөлімшесі/жауапты тұлғасы тәуекелді басқару жөніндегі ішкі құжаттарға сәйкес ҚТКФ/ЕҰ Тәуекел иелерінен, Тәуекел-фактор иелерінен келіп түсетін тәуекел қарқындылығы және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарлары мен бақылау рәсімдерін іске асыру бойынша ақпаратты тоқсан сайын жинап алу арқылы жүзеге асырады.

Ақпараттың толық және сапалы берілуін қамтамасыз ету мақсатында ҚТКФ Компанияда қолданылатын тәуекел жөніндегі бірыңғай есептеменің бір ізге салынған пішімін бекітеді.

Компанияда айқын уақыт режимінде ағымдағы оралымды бақылауды қосқанда, қызметтің іркіліссіз мониторингі жүзеге асырылады. Тәуекелді басқару

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОВОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> <b>және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін</b> <b>басқару саясаты</b></p>	<p><b>1 Нұсқа</b> <b>Шығарылған күні:</b> <b>01.11.2011</b> <b>38 беттің 20-беті</b></p>
--	--	--

процесінің ағымдағы бақылау кезінде анықталған кез келген кемшіліктері туралы мәлімет Тәуекел иесі, Тәуекел-фактор иесі және Жауапты бөлімше/жауапты тұлға қаперіне берілуге тиіс. Тәуекелді басқару процесі кемшіліктерінің нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктерді жою бойынша түзетулерді енгізу іс-әрекеті алынуға тиіс.

Тәуекел мониторингі құралдары бастысының бірі НТК болып табылады. НТК тәуекел оқиғаларының басталуынан аулақ болу немесе оны Компанияның қызметіне тигізетін әсерін мейлінше азайту үшін шараларды алдын ала қабылдау мүмкіндігін береді. НТК әзірлеу бүкіл сыни тәуекел-факторлар бойынша жүзеге асырылуға тиіс. НТК әзірлеу тәртібі тәуекелді басқару саласындағы ішкі құжаттармен айқындалады.

Мониторингі нәтижелері бойынша іске асырылатын іс-шараларға түзетулер енгізілуі немесе олар қосымша әзірленуі мүмкін.


Мониторингі ТБЖ Саясатын, рәсімдері мен іс-шараларын және мақсатты тексерістерді ұдайы орындауды қадағалау арқылы жүзеге асырылады. Мақсатты тексерістердің аясы және жиілігі тәуекелді және тұрақты мониторингі тиімділігін бағалауға байланысты болады. ТБЖ кемшіліктері ҚТКФ басқару органдарының қаперіне берілуге тиіс.

ҚТКФ Қадағалау кеңесінің қарауына жылына кем деген бір мәрте мыналар берілуге тиіс: Компанияның тәуекел-талғамы жөніндегі ұсыныстар, шоғырландырылған Тәуекел тіркелімі, тәуекел картасы және Компанияның тәуекелді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспары. ҚТКФ Қадағалау кеңесінің қарауына тәуекел жөніндегі есептеме (ЕҰ/ҚТКФ орнын толтыру есепке ала отырып, шоғырландырылған) тоқсан сайын шығарылады. Тәуекел жөніндегі есептемені күтіп ұстау бойынша талаптар және оны беру мерзімі осы Саясатқа қоса берілген 2,3 Қосымшаларда көрсетілді.

#### **6.2.6. Ақпарат және коммуникациялар**

ҚТКФ қолданысқа енгізілген ТБЖ барабар ақпарат ағынын – тік және көлденең бойынша қамтамасыз етеді.

Жоғарыдан төмен келіп түсетін ақпарат бұрмаланып, зорайып және басқадай қайта құру арқылы берілмеуге тиіс. Тәуекелді сәйкестендіру мақсаттары және оны бағалау үшін ішкі және сыртқы көздерден алынған оралымды ақпарат сияқты аудит жүргізілген есептемелер, қаржы-шаруышылық қызметі туралы есептеме, ҚМГ ІАҚ есептемелері пайдаланылады.

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center">«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 21-беті</p>
--	---	--

Жоғарыдан төмен жолданатын ақпарат ішкі құжаттарды, регламенттерді және т.б. бекіту арқылы акционерлердің үміттерін, мақсаттарын, стратегияларын және өз алдына белгіленген міндеттерді, тәуекелді басқару тиімділігінің маңыздығы мен мәнділігін, тәуекел-талғам деңгейін қаперге беруді қамтамасыз етеді. Ақпаратты көлденең беру Компания ішкі Құрылымдық бөлімшелерінің Жауапты бөлімшемен/жауапты тұлғамен өзара іс-қимыл жасауды білдіреді.

ҚТКФ және оның ЕҚ бойынша ақпарат тәуекелді басқару процесінің қатысушыларын тәуекел туралы дәйекті және уақтылы ақпаратқа ие болуын қамтамасыз ету мүмкіндігін береді, тәуекел, тәуекелге ден қою әдістері мен құралдары туралы хабардар болу деңгейін артытрады. Қызметкерлерге өз міндеттерін тиімді атқару мүмкіндігін беретін тиісінше ақпарат белгіленген нысанда және мерзімде айқындалады, бекітіледі және беріледі. Тәуекелді басқару жүйесіндегі ақпарат сапасы мына критерийлерге жауап береді:


- 1) мазмұн барабарлығы;
- 2) ақпараттың уақтылы берілуі;
- 3) ақпараттың өзекті болуы;
- 4) берілген ақпараттың анық болуы;
- 5) ақпараттық қолжетімділігі.

ҚТКФ ақпаратты берудің ашық арналарынан басқа коммуникациялардың мына жеке арналарын қамтамасыз етеді: сенім телефоны, «whistleblowing» тетігі (қызметкерлердің ҚТКФ/ЕҰ ішкі процестерінің кемшіліктері мен бұзушылықтары туралы құпиялы өтініш білдіру рәсімі).

Тәуекел иелері/Тәуекел-факторлар иелері мониторингіні тәуекелді басқару жөніндегі ішкі құжаттарға сәйкес тұрақты жүргізеді және Жауапты бөлімшені/жауапты тұлғаны ықтимал тәуекел оқиғалары және іске асырылған тәуекел оқиғалары туралы хабардар етеді.

ЕҚ ҚТКФ атына тәуекел туралы ақпаратты тәуекелді шоғырландыру, оның жиынтық деңгейін есептеу, ҚТКФ Басқармасы мен ҚТКФ Қадағалау кеңесін тәуекелді басқару саласындағы ішкі құжаттарға сәйкес хабардар ету мақсатында береді.

ҚТКФ тәуекелді басқару бойынша ақпаратты, осы ретте ашып жария етілетін егжей-тегжейлі ақпарат деңгейінің ҚТКФ қыметінің сипаты мен ауқымына

	<p align="center">«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 22-беті</p>
---	---	--

сәйкес болуын қамтамасыз ете отырып, серіктестерге, кредиторларға, сыртқы аудиторларға, рейтингтік агенттіктерге және басқадай мүдделі тұлғаларға (соның ішінде жылдық есептеме құрамында) қаперге береді.

Тиімді ақпараттық орта ҚТКФ тәуекелін сәйкестендіру, бағалау және мониторингін жүргізу процестерінің кең ауқымды автоматтандырылуын жорамалдайды.

### **6.2.7. Ішкі орта**

Компанияда тәуекелді басқару процесінің жоғарыда көрсетілген компоненттерін іске асыру тиісінше «жоғары деңгейдегі мәнерді» белгілеуге, жоғары деңгейдегі хабардарларлыққа ие болу және тәуекел, Тәуекел иелерінің/Тәуекел-факторлар иелерінің жауапкершілігі туралы хабардар болуға, тәуекелді белсенді басқаруға және уақтылы есептілікке негізделген ҚТКФ тәуекел-мәдениетін дамытуға ықпалдасады.

ҚТКФ тиімді корпоративтік басқаруға ықпалдасатын, міндеттердің, тәуекелді сәйкестендіру, бағалау, басқару және оның есептілігі бойынша өкілеттік пен жауапкершіліктің тиісті бөлінуін қамтамасыз ететін ТБЖ барабар ұйымдық құрылымын құруға ұмтылады. ҚТКФ ТБЖ ұйымдық құрылымы осы Саясатқа қоса берілген 1 Қосымшада көрсетілді.


Ішкі орта мыналардан құралады:

- 1) Компанияның тәуекел-талғамы және тәуекел-төзімділігі;
- 2) ТБЖ қатысушыларының міндеттері және жауапкершілігі;
- 3) ТБЖ бірыңғай әдіснамалық құжаттары;
- 4) ҚМГ және оның ЕҰ Бірыңғай тәуекел жіктеушісі;
- 5) Іске асырылған тәуекел оқиғалары бойынша бірыңғай деректер базасы.

Компанияның тәуекел-талғамын және тәуекел-төзімділігін есептеп шығару

Компанияның тәуекел-талғамы тәуекелді ұстап қалудың меншікті деңгейімен сипатталады, осының шеңберінде Компания өз алдында белгіленген стратегиялық және операциялық мақсаттарға ол жеткізуі мүмкін.

Тәуекел-талғам ҚТКФ қабылдап алуға әзір болатын шоғырландырған деңгейдегі сыни тәуекел/тәуекел-факторлар деңгейінің жоғары шегін айқындайды. Сондай-ақ, ол тәуекел оқиғаларының тиімді мониторингін жүргізу

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p><b>1 Нұсқа</b> <b>Шығарылған күні:</b> <b>01.11.2011</b> <b>38 беттің 23-беті</b></p>
--	--	--


және оған ден қою үшін қажетті ресурстарды бөлуге, ұйым ішінде процестерді ұйымдастыруға және инфрақұрылымды құруға әсерін тигізеді.

Компанияның жоспарлы кезеңге арналған тәуекел-талғамы (тәуекел-талғам туралы өтініші) шоғырландырылған негізде мынадай сипаттамаларға ие болады (ҚТКФ Қадағалау кеңесі бекітеді):

- 1) мүдделі тұлғалардың мақсаттарын, бизнес-жоспарларын, қаржы шектеулерін және үміттерін қосқанда, ҚТКФ даму стратегиясын ашып көрсетеді;
- 2) бүкіл негізгі қызмет аспектілерін (бағыттарын) қамтиды;
- 3) ҚТКФ тәуекелге деген қарым-қатынасын айқындайды;
- 4) сала мен нарық талаптарын есепке ала отырып, мерзімді қайтара пысықталып отырады;
- 5) тәуекелдің өзіне тиімді мониторингі жүргізуді талап етеді;
- б) сандық сияқты сапалық көрсеткіштерді құрайды.

Сандық тәуекел-талғамды есептеу кезінде мына талаптар сақталады:

- 1) тәуекел-талғамның сандық мәні Өндірістік/өндірістік емес сала қалдық мәндерінің орнын толтыру үшін жеткілікті болуға тиіс. Тәуекел-талғамның мәні неғұрлым жоғары болған сайын соғұрлым ЕҰ Өндірістік/өндірістік емес сала бойынша тәуекел-факторларын сатып өткізген жағдайда өз шығындарының орнын толтыру тұрғыдан тұрақты болады, соғұрлым ҚТКФ тәуекел-факторларды іске асыру нәтижесінде ЕҰ шығындарды қаржыландыруға ҚТКФ қаржы көздерін қолданбайтын болатындығына сенімді болады;
- 2) тәуекел-талғам өндірістік/өндірістік емес тәуекелге әсерін тигізетін сыртқы тәуекел-факторларды іске асыру нәтижесінде ықтимал шығындарды қаржыландыру үшін көзделеді;
- 3) туындау ықтималдығы ішкі тәуекел-факторларын іске асырумен байланысты (ЕҰ деңгейінде басқарылатын) ЕҰ өндірістік/өндірістік емес тәуекелінің орны тәуекел-талғам есебінен толтырылмай, ЕҰ деңгейінде тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралар есебінен басқарылуға тиіс.

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОВОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 24-беті</p>
--	--	--

Тиімді мониторингін жүзеге асыру және тәуекел-талғам деңгейінің асырылуына жол бермеу мақсатында ҚТКФ бойынша тәуекел-төзімділік қолданылады.

Тәуекел-төзімділік осыған ұқсас мақсаттар бірліктерінде өлшенеді. ҚТКФ/ЕҰ тәуекеліне төзімділік деңгейін ҚТКФ Қадағалау кеңесі бекітеді.

Тәуекел-төзімділік деңгейі өндірістік/өндірістік емес тәуекелге қатысты жаңа тәуекел-факторлар туындаған/анықталған не болмаса тәуекел оқиғалары басталған жағдайда қайта қаралады. Жаупты бөлімше/жауапты тұлға тәуекелге қатысты төзімділік деңгейін сақтау мониторингін тоқсан сайынғы негізде жүргізеді.

Тәуекелге қатысты төзімділік деңгейі шегіндегі қызмет басшылыққа өз алдына белгіленген мақсаттарға қол жеткізуде неғұрлым жоғары сенімділік деңгейін қамтамасыз етеді.

Компанияның тәуекел-талғамын және тәуекел-төзімділігін есептеу әдістері мен тәсілдері тәуекелді басқару саласындағы ішкі құжаттарда айқындалды.

**ТБЖ қатысушыларының міндеттері мен жауапкершілігі**

<p><b>ҚТКФ Қадағалау кеңесі</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ҚТКФ бойынша, соның ішінде осы Саясатты бекіту арқылы тиімді ТБЖ болуы үшін жауапты болады;</li> <li>- стратегиялық, орта мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарды бекітеді;</li> <li>- Компанияның тәуекел-талғамын, ҚТКФ тәуекеліне қатысты төзімділік деңгейін бекітеді;</li> <li>- Тәуекел тіркелімдерін, Тәуекел картасын, КРП және ҚТКФ тәуекелін басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарын бекітеді;</li> <li>- тоқсан сайынғы тәуекел жөніндегі есептемелерді пысықтайды және оларды бекітеді;</li> <li>- тәуекелді басқару жүйесінің тиімділік көрсеткіштерін бекітеді және ҚТКФ тәуекелін басқару тиімділігінің жыл сайынғы бағалымын қамтамасыз етеді;</li> <li>- ҚТКФ іркіліссіз қызметін қамтамасыз ету Жоспарын</li> </ul>
-------------------------------------	---




	бекітеді
<b>ҚТКФ Басқармасы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ҚТКФ ТБЖ жұмысын ұйымдастыру және оның тиімділігі үшін жауапты болады;</li> <li>- осы Саясатты іске асыруды, соның ішінде ҚТКФ құрылымдық бөлімшелерінің осы Саясат ережелерін сақтауын қамтамасыз етеді;</li> <li>- ҚТКФ Тәуекел иелері/Тәуекел-факторлар иелері/Тәуекел-үйлестірушілер Тіркелімін бекітеді;</li> <li>- ҚМГ және ҚТКФ Қадағалау кеңесіне жыл сайынғы тәуекел жөніндегі есептемелердің уақтылы берілуі үшін жауапты болады;</li> <li>- тоқсан сайынғы ҚТКФ тәуекелі жөніндегі есептемелерді пысықтайды және жеке құзырлығы шеңберінде тиісінше шараларды қабылдайды;</li> <li>- ҚТКФ және оның ЕҰ тәуекелін басқару саласында ішкі құжаттарды жетілдіруді қамтамасыз етеді;</li> </ul>
<b>ҚТКФ Тәуекел жөніндегі комитеті</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тәуекелді басқару жөніндегі әдіснамалық құжаттарды, сондай-ақ Жауапты бөлімшенін/жауапты тұлғаның тәуекелді басқару саясаттарын, рәсімдерін және басқару құрылымын дамыту жөніндегі ұсыныстарды ҚТКФ Қадағалау кеңесінің қарауына шығару үшін пысықтайды;</li> <li>- тәуекелді басқарудың жаңа әдістерін және олардың ҚТКФ және оның ЕҰ қатысты қолданылуын пысықтайды;</li> <li>- ҚТКФ Тәуекел иелерін/Тәуекел-факторлар иелерін/Тәуекел-үйлестірушілерді тағайындау жөніндегі ұсыныстарды пысықтайды;</li> <li>- ТБЖ жетілдіру бойынша жұмыстар жоспарын пысықтайды;</li> <li>- Компанияның тәуекелін және тәуекелді басқару жөніндегі шараларды пысықтайды, тәуекел-</li> </ul>



«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС  
және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін  
басқару саясаты

1 Нұсқа  
Шығарылған күні:  
01.11.2011  
38 беттің 26-беті

	<p>талғамның, ҚТКФ Қадағалау кеңесіне бекітуге шығару үшін тәуекелге қатысты төзімділік деңгейінің келісуін жүргізеді;</p> <p>- Тәуекел тіркелімінің, Тәуекел картасының, ҚТКФ тәуекелін басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарының және НТК, сондай-ақ ҚТКФ Қадағалау кеңесіне бекітуге шығару үшін тоқсан сайынғы тәуекел жөніндегі есептемелердің келісуін жүргізеді;</p>
<b>ҚТКФ Жауапты бөлімшесі/жауапты тұлғасы</b>	<p>- ТБЖ жұмысын, ТБЖ жөніндегі әдіснамалық құжаттарды әзірлеуді және өзектендіруді қамтамасыз етеді;</p> <p>- құрылымдық бөлімшелерге ТБЖ жұмысының мәселелері жөнінде консультативтік қолдауды жүзеге асырады;</p> <p>- Компанияның тәуекеліне елеулі әсерін тигізуі мүмкін оның құрамын (ішкі және сыртқы талаптар), ішкі/сыртқы факторларды қадағалайды;</p> <p>- тәуекелді басқару мәселелері жөнінде оқу іс-шараларын жүргізеді;</p> <p>- осы Саясаттың әрекет ету саласындағы ЕҰ Құрылымдық бөлімшелері/бизнес-бағыттары әзірлеген Тәуекел тіркелімдерін пысықтайды;</p> <p>- ҚТКФ және ЕҰ бойынша тәуекел шоғырландырмасын және ақпарат талдамасын жүзеге асырады, Тәуекел тіркелімін, Тәуекел картасын, Компанияның тәуекелін басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарын уақтылы әзірлеу, сондай-ақ ҚТКФ Басқармасы мен Қадағалау кеңесі үшін Компанияның тоқсан сайынғы тәуекел жөніндегі есептілігін әзірлеу үшін жауапты болады;</p> <p>- тәуекелге, НТК қатысты төзімділік деңгейінің сақталуына уақтылы мониторингі жүргізу үшін жауапты болады;</p>

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center">«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 27-беті</p>
--	---	--


	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды, Компанияның тәуекел жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;</li> <li>- ҚМГ ІАҚ, Құрылымдық бөлімшелерімен, сыртқы кеңесшілермен және тәуекелді басқару мәселелері бойынша басқадай мүдделі тұлғалармен жеке құзыреті шеңберінде іс-қимыл жасайды;</li> <li>- ҚТКФ Тәуекел иелерінен, Тәуекел-факторлар иелерінен сұхбат алуды ұйымдастыруды және Компанияның тәуекелін сәйкестендіру мен бағалаудың сараптама әдістерін қолданған кезде әдіснамалық қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді</li> </ul>
<p><b>ҚТКФ мақсаттарының иесі</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- өз алдында белгіленген НҚК қолжетімді болуға әсерін тигізетін сандық/сапалық мәніндегі тәуекел мәндерінің келісілуі және тәуекелді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарының келісілуі үшін жауапты болады;</li> <li>- бекітіліген тәуекелді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарының уақтылы іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады</li> </ul>
<p><b>ҚТКФ Тәуекел иесі</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ҚТКФ Тәуекел иесі жетекшілік ететін процестерді жүзеге асырумен байланысты тәуекелді тиісті деңгейде басқару және бақылау үшін жауапты болады;</li> <li>- тәуекел жай-күйі және тәуекелді басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы ақпаратты ҚТКФ Жауапты бөлімшесіне/жауапты тұлғасына уақтылы беру үшін жауапты болады;</li> <li>- ҚТКФ іркіліссіз қызметінің жоспарларын әзірлейді және оларды қолданысқа енгізеді;</li> <li>- тәуекел деңгейін төмендетуге бағытталған жеке тәуекел түрлерін, ҚТКФ Тәуекел иесі жетекшілік ететін процестерді жүзеге асырумен байланысты бақылау рәсімдерін (корпоративтік стандарттар, регламенттер, жеке тәуекел түрлерін басқару</li> </ul>



«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС  
және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін  
басқару саясаты

1 Нұсқа  
Шығарылған күні:  
01.11.2011  
38 беттің 28-беті

	жөніндегі саясаттар) басқарудың тетіктерін әзірлеуді қамтамасыз етеді
<b>ҚТКФ тәуекел-факторларының иесі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- ҚТКФ Тәуекел иесі жетекшілік ететін процестерді жүзеге асырумен байланысты тәуекел-факторларды тиісті деңгейде басқару үшін жауапты болады;</li><li>- тәуекел-факторлардың жай-күйі және тәуекел-факторларды басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуы туралы ақпаратты ҚТКФ Жауапты бөлімшесіне/жауапты тұлғасына уақтылы және толық беру үшін жауапты болады;</li><li>- ҚТКФ іркіліссіз қызметінің жоспарларын әзірлейді және қолданысқа енгізеді;</li><li>- тәуекел деңгейін төмендетуге бағытталған жеке тәуекел түрлерін, ҚТКФ Тәуекел иесі жетекшілік ететін процестерді жүзеге асырумен байланысты бақылау рәсімдерін (корпоративтік стандарттар, регламенттер, жеке тәуекел түрлерін басқару жөніндегі саясаттар) басқарудың тетіктерін әзірлеуді қамтамасыз етеді</li></ul>
<b>ҚТКФ ЕҰ</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- ТБЖ әдіснамалық құжаттарына сәйкес тәуекелді сәйкестендіру және бағалау процесін уақтылы ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;</li><li>- ЕҰ процестерін жүзеге асырумен байланысты тәуекелді тиісті деңгейде басқару және бақылау үшін жауапты болады;</li><li>- ҚТКФ Жауапты бөлімшесіне/жауапты тұлғасына тәуекел жөніндегі есептілікті, сондай-ақ өндірістік/өндірістік емес тәуекелдің жай-күйі және оларды басқару жөніндегі іс-шаралардың, іске асырылған тәуекел оқиғаларының орындалуы туралы толық ақпаратты беру үшін жауапты болады;</li><li>- ЕҰ іркіліссіз қызметінің жоспарларын әзірлейді және оларды қолданысқа енгізеді</li></ul>


 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОВОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p><b>1 Нұсқа</b> <b>Шығарылған күні:</b> <b>01.11.2011</b> <b>38 беттің 29-беті</b></p>
--	--	--

<p><b>ҚТКФ/ЕҰ әрбір қызметкері</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тәуекелді басқару саласында қызметтік міндеттерін қызметтік нұсқаулыққа сәйкес орындауы үшін жауапты болады;</li> <li>- Жауапты бөлімшені/жауапты тұлғаны, өзінің тікелей басшысын ықтимал шығындарға әкеліп соқтырған немесе әкеліп соқтыруы мүмкін кез келген жасалған немесе жасалуы мүмкін қателіктері/кемшіліктері, ықтимал және іске асырылған тәуекел оқиғалары туралы ТБЖ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімде уақтылы хабардар етеді;</li> <li>- бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес тәуекелді басқару саласында білім алады</li> </ul>
--	---

ҚТКФ тәуекелін басқару және тәуекел-мәдениетін дамыту процесінің тиімділігін арттыру мақсатында ҚТКФ Құрылымдық бөлімшесі мен оның ЕҰ Тәуекел-үйлестіруші тағайындалады, оның міндеттерінің бірі өз құрылымдық бөлімшесінде тәуекелді басқару бойынша жұмысты және Жауапты бөлімшемен/жауапты тұлғамен өзара іс-қимылды үйлестіру болып табылады.

Компанияның ТБЖ Бірыңғай әдіснамалық құжаттарын мыналар құрайды:

- ҚТКФ және оның ЕҰ өндірістік/өндірістік емес тәуекелін басқару процесін ұйымдастыру қағидасы;
- «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін сәйкестендіру және бағалау, тәуекелді басқару әдісін таңдау әдістемесі;
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының Бірыңғай тәуекел жіктеушісіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу қағидасы;
- Іркіліссіз қызметті қамтамасыз ету процесін ұйымдастыру қағидасы;
- Іркіліссіз қызметті қамтамасыз ету жоспарын әзірлеу әдістемесі;
- Жеке тәуекел түрлерін басқару мақсатында Компанияда Тәуекел иелері/Тәуекел-фактор иелері әзірлейтін және бекітетін бақылау рәсімдерін қолданысқа енгізумен байланысты саясаттар мен рәсімдер.

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 30-беті</p>
--	--	--

## **ҚМГ және оның ЕТҰ Бірыңғай тәуекел жіктеушісі**

ҚТКФ/ЕҰ бойынша тәуекел атауларын бір ізге салу және тәуекелді сәйкестендіру процесін стандарттау мақсатында ҚМГ және оның ЕТҰ БТЖ әзірленді.

Тәуекелді жіктеуге басты негіздеме ретінде мына функционалдық Тәуекел салалары болып табылады:

- 1) өндірістік тәуекел;
- 2) өндірістік емес тәуекел;

Әрбір Сала Компанияда қалыптасқан өндірістік және өндірістік емес бизнес-процестерге байланыстырылған, Компанияның осылардың ықпалында болатын өндірістік және өндірістік емес тәуекел атауларын және оларға сәйкес тәуекел-факторлардың тізбесін қамтиды.

БТЖ Компанияның ТБЖ міндетті қолданылуға тиіс.


Іске асырылған тәуекел оқиғалары бойынша Бірыңғай электрондық деректер базасы (ТБЭДБ)

ҚТКФ Жауапты бөлімшесі/жауапты тұлғасы орталықтандырылған ТБЭДБ жүргізуді және әкімшілеуді қамтамасыз етеді.

ТБЭДБ жүргізудің негізгі мақсаты ҚТКФ бойынша іске асырылған тәуекел оқиғалары бойынша статистикалық жинау болып табылады, оның болуы тәуекелді/тәуекел-факторларды сандық бағала кезінде, сондай-ақ тәуекел жөнінде әрқилы талдамалық есептемелерді әзірлеу кезінде қажет болады.

ҚТКФ ЕҚ ҚТКФ атына ТБЭДБ шоғырландыру мақсатында іске асырылған тәуекел оқиғалары туралы құрылымдалған ақпаратты береді. ҚТКФ ЕҰ кейінгі уақытты тәуекелді сандық бағалау, ішкі есептілікті қалыптастыру және бекітілген әдіснамалық құжаттарға сәйкес ҚТКФ/ЕҰ басқару органдарын хабардар ету үшін іске асырылған тәуекел оқиғалары бойынша жергілікті деректер базасын жүргізіп отыруға тиіс.

ТБЭДБ жүргізу тәртібі ҚТКФ/ЕҰ тәуекелді басқару жөніндегі ішкі құжаттарында көзделді.

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 31-беті</p>
--	--	--

## 7. ТБЖ тиімділігінің критерийлері

Тәуекелді басқару процесі тиімді болды деп саналуы үшін ТБЖ бүкіл жеті компоненті болуға және олар тиімді жұмыс жасауға тиіс.

ТБЖ тиімділігі мына сандық және сапалық критерийлер негізінде бағалануы мүмкін:

- 1) тәуекелді басқаруды тұрақты негізде жүргізу;
- 2) тәуекелді басқару процесін бүкіл бизнес-процестермен байланыстыру;
- 3) ТБЖ сүйенген ақпарат басқарушылық, соның ішінде басымдыққа ие міндеттерге және ресурстарды тиімді бөлуге қатысты шешімдерді қабылдау процесінде белсенді пайдаланылады және есепке алынады;
- 4) ТБЖ ұзақ мерзімді кезеңде ресурстарды тұтыну субъектісі ретінде емес, оларды неғұрлым үнемді пайлану құралы ретінде танылады.

ҚТКФ ТБЖ тиімділігі ішкі және/немесе сыртқы аудиторлармен немесе тәуелсіз сарапшылармен өткізілген бағалау нәтижелерімен расталады, оны ҚТКФ Қадағалау кеңесі, ҚТКФ басшылығы, рейтингтік агенттіктер, инвесторлар, кредиторлар, ҚТКФ қызметкерлері, мемлекеттік органдар, бұқара ақпарат құралдары мойындайды.


## 8. Тәуекел туралы құпиялы ақпарат талаптары

Сыртқы тұлғаларға тәуекел және оны басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарлары туралы құпиялы ақпаратқа қолжетімділік тек қана құпиялы ақпаратты жария етпеу туралы келісімге қол қойғаннан кейін беріледі.

Саясат ашық құжат болып табылады және көпшілік адамдарға танысу және пайдалану үшін қолжетімді болады. Саясат ҚТКФ корпоративтік веб-сайтында орналастыру арқылы жарияланады.

Тәуекелді басқару саласындағы саясат пен басқадай құжаттар ҚТКФ бүкіл қызметкерлері мен қызметтік тұлғалары үшін қолжетімді болады. ТБЖ әдіснамалық құжаттарында болған өзгерістер ҚТКФ бүкіл қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына электрондық құжатайналымы арқылы қаперге беріледі.

Жеке тәуекел түрлері жөніндегі саясаттар, жеке қаржы тәуекелдері туралы қағидалар, сондай-ақ осы бойынша есептемелер (қаржы тұрақтылығы туралы

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңіzkөлiкфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 32-беті</p>
--	--	--



есептемені қосқанда) «Қызметтік пайдалану үшін (ҚПУ)» режимінде ғана таратылып беріледі.

## 9. Қорытынды ережелері

Саясатты ҚТКФ Қадағалау кеңесі бекітеді және ол қажеттігіне қарай қайта пысықталады.

Саясатты іске асыру уақыт пен еңбек шығындарын елеулі қысқарту арқылы оалрды ҚТКФ және оның ЕҰ ақпараттық жүйелерімен біріктірудің міндетті талабымен тәуекелді уақтылы сәйкестендіру, талдау, бағалау, басқару және бақылау мүмкіндігін беретін мамандандырылған ақпараттық жүйелерді пайдалану базасында іске асырылуға тиіс.

## 10. Осы Саясатты қолдану және тиісті деңгейде күтіп ұстау үшін жауапкершілікті белгілеу

Бөлімше	Лауазымы	Т.А.Ә.а	Жауапкершіліктің белгіленген күні және қолы
Құжатты әзірлеген	Тәуекелді басқару жөніндегі маман	И.А.Быковский	
Құжатты қазақ тілінде әзірлеген	Маман (мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі) Аға маман (МБЖ жөніндегі)	М.С.Гаракеева  А.Н.Ұлықпанова	  






«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС  
және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін  
басқару саясаты


1 Нұсқа  
Шығарылған күні:  
01.11.2011  
38 беттің 33-беті

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС  
және оның еншілес ұйымдарының  
тәуекелін басқару саясатына

1 Қосымша

ҚТКФ ТБЖ Ұйымдық құрылымы



 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОВОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 34-беті</p>
--	--	--

## «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС

және оның еншілес ұйымдарының

тәуекелін басқару саясатына

2 Қосымша

### Тәуекел жөніндегі есептеме құрылымы және оның ең аз мазмұнының талаптары

1. Тәуекел картасы мен тіркелімі
  - 1) тәуекел/тәуекел-факторлар қарқындылығының өзгерістері бойынша толық ақпаратты бере отырып, болжамды жылға арналған тәуекел картасы, есеп тоқсанындағы тәуекел картасының өзгерістері;
  - 2) сыни тәуекелді/тәуекел-факторларды осылардың ықтималдығын/тигізетін әсерін азайту, тигізетін әсерді сандық/сапалық бағалау жөніндегі іс-шаралар жоспарының болуын растау арқылы жеке бөліп көрсету;
  - 3) болжамды жылғы Тәуекел тіркелісі, тоқсан сайынғы түзетулер енгізілген Тәуекел тіркелімі;
  - 4) жылына бір мәрте берілетін тәуекелді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспары, тәуекелді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарына енгізілетін тоқсан сайынғы өзгерістер (қажеттігіне қарай) ;
  - 5) жарты жылдық сайын шараларды алу тиімділігін бағалай отырып, тәуекелді басқару жөніндегі Іс-шаралар жоспарын тоқсан сайын орындау;
  - 6) осылардың туындауын негіздеу арқылы ықтималдықты/тигізетін әсерін азайту, тигізетін әсерді сандық/сапалық бағалау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жаңадан анықталған тәуекел-факторлары.
2. Болжамды жылға арналған тәуекел-талғам (жылына бір мәрте), тоқсан сайын түзетулер енгізіліп отыратын тәуекел-талғам (қажеттігіне қарай).

3. Болжамды жылға табалдырық деңгеймен қоса НТК тіркелімі, НТК ағымдағы жай-күйі жөніндегі тоқсан сайынғы есептеме.

4. Қаржы тәуекелі жөніндегі есептеме:

1) жеке қаржы тәуекелін басқару қағидасына сәйкес қаржы тәуекелі (валюталық, пайыздық, ел бойынша, корпоративтік контрагенттер бойынша кредиттік тәуекел, контрагент-банктер бойынша тәуекел);

2) тәуекел бойынша лимиттердің, соның ішінде контрагент-банктерге арналған лимиттердің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат;

3) «Самұрық-Қазына» АҚ берешекті басқару және қаржы тұрақтылығы саясатына сәйкес берешек жүктеме және ковенанттік міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратты қамтитын қаржы тұрақтылығы жөніндегі есептеме.

5. Инвестициялық жобалардың іске асырылған тәуекелін қосқанда инвестициялық жобалардың тәуекелі жөніндегі есептеме.


6. Залалды (мүмкіндігінше оның сандық есебі және сапалық бағалымы) және алынған іс-шаралардың тиімділігін бағалау арқылы осы оқиғаларға ден қою бойынша алынған іс-әрекетті міндетті түрде көрсете отырып, іске асырылғар тәуекел оқиғалары туралы ақпарат. Іске асырылған кезеңдегі тәуекел оқиғаларынан болған шығындарға бекітілген тәуекел-талғаммен қоса салыстырмалы талдау (тоқсан сайын). Осы бөлім өндірісте болған авариялар мен апат жағдайлары және жазатайым оқиғалар туралы ақпаратты (залал тартқан адамдардың саны, соның ішінде өлімге әкеліп соқтырған жағдайлар саны туралы ақпаратты қосқанда) қамтиды.

7. Тәуекелді басқарудың белгіленген процестерінен елеулі ауытқуы туралы ақпарат, қажеттігіне қарай.

8. ҚМГ ІАҚ ұсыныстарына (болған жағдайда) сәйкес тәуекелді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында жүргізілетін іс-шаралар.


9. Тәуекелді басқару саласындағы талаптардың сақталуы туралы ақпарат.

10. «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беру акцияларының (қатысу үлесі) елу немесе одан жоғары пайызы меншіктену немесе сенімді басқару құқығымен тікелей немесе жанама «Самұрық-Қазына» АҚ тиісті заңды тұлғаларды сақтандыру арқылы қорғау саясатына сәйкес сақтандыру жөніндегі есептеме.

 <p>КАЗМОРТРАНСФЛОТ НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 36-беті</p>
---	--	--

11. Компания Қадағалау кеңесінің тәуекелді басқару жүйесі тиімділігінің/тиімсіздігінің растамасымен қоса өтініші.

\*осы тізбеге қажеттігіне қарай өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p>1 Нұсқа Шығарылған күні: 01.11.2011 38 беттің 37-беті</p>
--	--	--

**«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС**

**және оның еншілес ұйымдарының**

**тәуекелін басқару саясатына**

**3 Қосымша**


**Тәуекел жөніндегі есептемелерді беру мерзімі**

ЕҰ үшін тәуекел жөніндегі міндетті есептемелер ретінде:

- 1) әрбір тәуекел бойынша есептілік нысаны (бекітілген басқарушылық есептілік жүйесі нысандарының (БЕЖ) жинағына сәйкес беріледі);
- 2) қаржы есептілігі жөніндегі есептеме (қаржы тәуекелі жөніндегі есептемені қосқанда, «Самұрық-Қазына» АҚ берешегін басқару және қаржы тұрақтылығы саясатына сәйкес беріледі);
- 3) ЕҰ басқару органы бекітетін тәуекел жөніндегі есептеме болып табылады.

ЕҰ тәуекел жөніндегі есептілік нысанын және тәуекел жөніндегі есептемені беру мерзімі (белгіленген нысандарға сәйкес)

Құжат атауы	Құжатты пайдаланушылар	Беру мерзімі
БЕЖ есептілігінің нысандары  Тәуекел жөніндегі есептілік нысандары (қосқанда)	ҚМГ Жауапты бөлімшесі	1-ші, 3-ші тоқсандар бойынша есеп беру күні+ 30 күнтізбелік күн  2-ші, 4-ші тоқсандар бойынша есеп беру күні+ 40 күнтізбелік күн

 <p><b>КАЗМОРТРАНСФЛОТ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ МОРСКАЯ СУДОХОДНАЯ КОМПАНИЯ</p>	<p align="center"><b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС</b> және оның еншілес ұйымдарының тәуекелін басқару саясаты</p>	<p><b>1 Нұсқа</b> <b>Шығарылған күні:</b> <b>01.11.2011</b> <b>38 беттің 38-беті</b></p>
--	--	--

<p>Қаржы тәуекелі жөніндегі есептемелерді қосқанда, тәуекел жөніндегі есептеме</p>	<p>ҚМГ Жауапты бөлімшесі</p>	<p>есеп беру күні+ 10 күнтізбелік күн</p>
<p>Қаржы тәуекелі жөніндегі есептемелерді қосқанда, тәуекел жөніндегі есептеме</p>	<p>ҚТКФ Басқару органы</p>	<p>ҚТКФ Қадағалау кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес есеп тоқсанынан кейінгі екінші айдың 20-ы күнінен кешіктірмей</p>

**ҚТКФ Жауапты бөлімшесінің/жауапты тұлғасының шоғырландырма есептемелерді беру мерзімі:**

<b>Құжат атауы</b>	<b>Құжат пайдаланушылары</b>	<b>Беру мерзімі</b>
<p>Қаржы тәуекелі жөніндегі есептемелерді қосқанда, тәуекел жөніндегі есептеме (шоғырландырылған негізде)</p>	<p>ҚТКФ Тәуекел жөніндегі комитеті, ҚТКФ Басқармасы, ҚТКФ Қадағалау кеңесі</p>	<p>ҚТКФ Қадағалау кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес есеп тоқсанынан кейінгі екінші айдың 20-ы күнінен кешіктірмей</p>